

**Нагимова Гаухар Хайратовна**

**8D09100 – «Ветеринария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Опока - минералдық азықтық қоспасын пайдалану кезінде құс етін ветеринариялық-санитариялық бағалау» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысына**

### **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШІКІРІ**

**Орындалған жұмыстың өзектілігі және қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығы.** Қазіргі кезеңде құс шаруашылығын тұрақты дамытуда экологиялық таза, минералдық теңгерілген азықтық қоспаларды пайдалану – өнімнің тағамдық және биологиялық құндылығын арттырудың, сондай-ақ құс ағзасының физиологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады. Осы тұрғыда табиғи кремний құрамды тау жынысы – «Опока» минералы негізінде дайындалған азықтық қоспаның тиімділігін зерттеу ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан ерекше өзектілікке ие. Қазақстан Республикасында мал және құс шаруашылығында азықтық қоспа ретінде қолдануға болатын табиғи, экологиялық таза әрі қауіпсіз минералдық шикізат қорлары жеткілікті. Солардың бірі – Батыс Қазақстан облысының Тасқала кен орнындағы опока, табиғи шығу тегі мен минералдық құрамының ерекшелігіне байланысты экологиялық тұрғыдан таза және перспективалы шикізат көзі болып табылады. Әлемдік және отандық ғалымдардың зерттеулерінде минералды қоспалардың әсері кеңінен қарастырылғанымен, опоканы құс шаруашылығында азықтық мақсатта пайдалану бағытындағы ғылыми еңбектер аз және жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Осыған байланысты «Опока» негізіндегі минералды қоспалардың биологиялық әсерін зерттеу экологиялық таза өнім өндіру, құс өнімділігін арттыру және шаруашылықтың экономикалық тиімділігін көтеру тұрғысынан өзекті болып табылады.

**Докторант сүйенген негізгі ғылыми және әдіснамалық ережелерді ашу.** Зерттеу барысында докторант бірінші кезеңде Тасқала кен орнынан алынған «Опока» минералының құрамдық және технологиялық қасиеттері анықталып, азықтық қоспа ретінде қолдануға жарамдылығы зерттелді. Екінші кезеңде «Опока» қоспасының бройлердің метаболизміне, өсуі мен қан көрсеткіштеріне әсері тәжірибелік әдістер арқылы бағаланды. Үшінші кезеңде алынған еттің сапасы органолептикалық, физика-химиялық және микробиологиялық әдістермен ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан талданды. Бройлер етінің сапалық көрсеткіштерін бағалау кезінде ветеринариялық-санитариялық сараптаудың негізгі ғылыми қағидалары - қауіпсіздік, сапалылық және тағамдық құндылық критерийлері басшылыққа алынды. Алынған нәтижелер статистикалық тұрғыдан өңделіп, сенімділігін қамтамасыз ету үшін биометриялық әдістер қолданылды. Барлық нәтижелер ғылыми негізделген әдістемелерге сүйеніп, тәжірибелік деректермен дәлелденді.

**Докторанттың алынған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі.** Зерттеу нәтижесінде «Опока» минералдық азықтық қоспасының химиялық құрамы, құрылымдық және технологиялық қасиеттері жан-жақты

зерттеліп, оның экологиялық қауіпсіздігі мен биологиялық тиімділігі дәлелденді. Алынған деректер қоспаның құрамында кальций, кремний, магний және микроэлементтердің оңтайлы арақатынаста болатынын көрсетті, бұл оны құстардың минералдық алмасуын жақсартуға ықпал ететін табиғи көз ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Бройлер тауықтарының рационына «Опока» қоспасын енгізу нәтижесінде олардың өсу динамикасы мен азықты пайдалану тиімділігі жоғарылағаны анықталды. Құстардың орташа тәуліктік өсімі бақылау тобымен салыстырғанда айтарлықтай артқан, ал азықтың шығыны азайған. Қанның гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштері (гемоглобин мөлшері, эритроциттер саны, жалпы ақуыз, кальций мен фосфор деңгейі және т.б.) физиологиялық норма шегінде оң өзгерістер көрсетіп, минералдық алмасудың белсенділігін дәлелдеді.

Ветеринариялық-санитариялық бағалау нәтижелері «Опока» қоспасын қолдану еттің органолептикалық қасиеттерін (түс, иіс, консистенция, дәм) жақсартып, физика-химиялық көрсеткіштердің тұрақтануына және микробиологиялық қауіпсіздік деңгейінің жоғарылауына ықпал ететінін көрсетті. Еттің тағамдық және биологиялық құндылығының артуы – қоспаның құрамындағы табиғи минералдардың оң әсерін ғылыми тұрғыда дәлелдейтін маңызды көрсеткіш болып табылады.

**Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы.** Диссертациялық жұмыс айқын ғылыми логикаға негізделген, құрылымдық және мазмұндық жағынан өзара тығыз байланысқан бөлімдерден тұрады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, ғылыми болжамы, зерттеу әдістері мен негізгі нәтижелері бір-бірімен үйлесімді байланыста қарастырылып, зерттеу логикасына толық сәйкес жүйеленген. Диссертацияның әрбір тарауында алдыңғы бөлімдерде қойылған міндеттер нақты деректермен, талдаулармен және ғылыми тұжырымдармен дәйектеліп, қорытынды бөлімде жинақталған.

Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер өзара ішкі үйлесімділік пен біртұтастықта сипатталады. Зерттеу нәтижелері бойынша барлығы 6 ғылыми еңбек жарияланды: оның ішінде 1 мақала – Scopus дерекқорына енгізілген рецензияланған ғылыми журналдарда, 3 мақала – ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 2 еңбек – халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында жарық көрді. Сонымен қатар 1 пайдалы модельге патент алынып, 1 тәжірибелік ұсыным әзірленді.

**Докторанттың зерттеулерге қосқан жеке үлесі және зерттеу көлемі.** Ұсынылған диссертациялық жұмыс докторанттың ғылыми жетекшінің әдістемелік кеңесі негізінде өз бетінше орындаған, толық аяқталған ғылыми-зерттеу еңбегі болып табылады. Зерттеу идеясының қалыптасуынан бастап, зерттеу мақсаты мен міндеттерін айқындау, әдіснамалық негізін тандау, тәжірибелік зерттеулер жүргізу, алынған нәтижелерді өңдеу, талдау және қорытындылау жұмыстарының барлығы автордың тікелей жеке үлесімен жүзеге асырылған.


Докторант зерттеу барысында заманауи ғылыми әдістерді тиімді қолдана отырып, зерттеу нысанына қатысты жаңа ғылыми тұжырымдар мен нәтижелерге қол жеткізген. Алынған ғылыми нәтижелердің жаңалығы, теориялық маңыздылығы және практикалық қолданылу мүмкіндігі автордың зерттеуге қосқан жеке үлесінің жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері негізінде жарияланған ғылыми мақалалар мен алынған патент автордың ғылыми дербестігін және ғылыми-зерттеу жұмысының толық көлемде орындалғанын дәлелдейді.

**Докторанттың зерттеуші ретіндегі сапасы және ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі.** Ізденушінің диссертациялық жұмысы ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жоғары деңгейде орындалған. Диссертацияда алынған ғылыми зерттеу нәтижелері жаңалығымен ерекшеленеді және ғылыми сала мен өндіріс мамандары үшін теориялық әрі тәжірибелік маңызы бар деп есептеймін. Жұмыс барысында автор көптеген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін тиімді пайдалана білген. Докторант зерттеу тақырыбы бойынша қызығушылық, еңбекқорлық, табандылық және дербестік танытты. Сондай-ақ ғылыми зерттеу жұмыстарының әдістемесін жылдам меңгеріп, оны өз бетінше қолдана алды және алынған нәтижелерді дербес талдауға бейім екенін көрсетті.

**Қорытынды.** Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ветеринария саласының мамандарына, ауыл шаруашылығы мамандарына, зерттеуші-ғылыми қызметкерлерге, оқу процесіне және инновациялық жобаларды әзірлеуге негіз бола алады. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Нагимова Гаухар Хайратовнаның «Опока – минералдық азықтық қоспасын пайдалану кезінде құс етін ветеринариялық-санитариялық бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарына толық сәйкес орындалған, ал докторант 8D09100 – «Ветеринария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ғылыми кеңесші:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан  
аграрлық-техникалық университеті КеАҚ,  
«Ветеринария және агротехнология» институтының  
қауымдастырылған профессоры, PhD докторы



Н.С.Монтаева

